Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу.Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау құрдастарымен амандасу,әңгімелесу.Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою,тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. «Күй	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. «Күй күмбірі» (Адай күйін тыңдату)балаларды қабылдау кезінде үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру. «Өнегелі 15 минут» «Күй күмбірі Келіншек»	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы,дене температурасы,т.б.)Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау. «Өнегелі 15 минут» Қауіпсіздік ережесі: Әлеуметтік эмоционалды дағ-дыларды қалыптастыру, бала-лармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдерді көруге кеңес беру. «Күй күмбірі Келіншек»	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі,тазалығы,дене температурасы,т.б Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу.Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау(құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі Келіншек»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәру-менге бай етіп дайында-ңыз.Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсы-ныңыз. «Өнегелі 15 минут» «Күй күмбірі Келіншек»

	күмбірі Келіншек» «Өнегелі 15 минут»				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкіл дерімен әңгіме лесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру.	Ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас,ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.	Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.	Жылы тілектер айтып шыға-рып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Дид ойын: «Теңге алу» Міндеті:Жылдам шапшаң, қимылдауға қол моторика-сын дамытуға үйрету. Тіл дамыту.	«Ұшқыр ой- алаңы» жобасы « Тілім менің тірегім» Сөздік қорларын дамыту, дыбыстарды анық айтуға өз тілін құрметтеуге үйрету. Қазақ тілі	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Асық ойыны» Мақсаты: Шапшаңдыққа, Жылдамдыққа тәрбиелеу.	Дид/ойын:«Пирамида жинау» Міндеті: көлемін ажырату Математика негіздері	«Смарт бала» жобасы «Бөліктерді құрастыр» Міндеті: Пішіндерді суреттермен құрастыруды үйрету Құрастыру
Ертеңгілік жаттығу	«Құстар ұшты» — қолды жайып жүгіру. «Ағаш» — қолды жоғары көтеріп, тік тұру. «Жаңбырдан қашу» — жылдам жүгіру. «Кемпірқосақ» — жанға еңкею. «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату. Әнұран орындалғанда	Күнге қараймыз» — басты жоғары көтеру. «Бұлттар келеді» — қолды жай айналдыру. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. Орнында секіру. « Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие	«Қораз» — кеудені алға шығарып, қолды сермеу. «Қоян» — тізені бүгіп секіру. «Тырна» — бір аяқта тұру. «Көбелек» — қолды қағып жүру. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Қолды жоғары-төмен сермеу. «Жер жырту» — отырып-тұру. «Күн мен ай» — оңға-солға бұрылу. Қолды алға созып секіру. Мемлекеттік Әнұран орындау.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	«Жел соқты» — қолды жайып тербелу. «Аю жүрісі». «Құмырсқа жүрісі» — төмен еңкейіп жүру. «Шалқанды тарту». Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы

	қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	бағдарламасы.			
Таңғы ас	Үнемді тұтыну: «Қуат көзін үнемдеу оны жүзеге асыру» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру.Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру:нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру.	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамыту-шы білім беру ортасын құру.	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. «Менің сүйікті ойыншықтарым» Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу. Ойын: «Сипаттап бер» Балоа ойыншығын көрсетпей сипаттайды, басқа балалар қай ойыншық екенін табады. «Менің қуыршағым» ертегісін тыңдау.	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – «Менің сүйікті аюым» тақырыбына әңгімелеу. «Аю» өлеңін жаттау. Қоңыр аю қорбаңдап Орман ішін шарлаған. Бал іздейді ағаштан, Тәтті иісін аңғарған. Үлкен табан,жұмсақ жүн. Қыста ұйықтар ұзақ түн. Оянғанда көктемде, Қуанады бүкіл күн. Шығармашылық тапсырма:	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. «Менің машинам» «Менің машинам» тақырыбы бойынша әңгімелеу.Қысқа әңгіме құрастыру. Шығармашылық тапсырма: Балалар машинаның суретін салып,оған ат қоляды(мыс: «Желаяқ»,«Қызыл найзағай» 2. Математика негіздері – Машинаның дөңгелектерін Геометриялық пішіндерден	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – Қуыршақпен ойын: «Менің қуыршағым ойнайды» тақырыбында әңгімелеу. Қуыршақ туралы өлең оқу. Қуыршағым әдемі, Көйлегі бар сәнді. Шашы ұзын күлкілі, Көздері нұрлы мәнді. Қолымнан еш жібермей, Құшақтаймын әр күнді. Ойнағанда бірге біз, Көңілім толар шаттығы.	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Менің сүйікті ойыншықтарым «Менің сүйікті ойыншығыммен ойынным» әңгіме құрастыру. «Ойыншықтар елінде» ертегісін тыңдау. 2.Математика негіздері Бір ойыншықты бөліп көрсету.«Көп – біреу» түсінігін бекіту. Мақсаты:Балаларға біреу және көп ұғымдарын

	Саусақ жаттығуы: ойыншық атауларын қайталау. 2. Математика негіздері. Біртекті ойыншықтарды топтау (қуыршақтар, машиналар) «Көп – аз» түсініктерімен таныстыру. «Дұрысын тап ойыны» Мақсаты: дұрыс ажырата білуге үйрету. Барысы:Ағаш ойыншықты бөлек, пластмасса олйыншықты бөлоек жинау. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру «Менің ойыншықтарым қайда тұрады?» (қорап, сөре) Ойыншықтарды күтіп ұстау ережелері. Д/ойын: «Ойыншығын орнына қой» Балалар ойыншықты алоып ойнайды,кейін әрқайсысын өз орнына орналастырады: -. - Машиналар – гаражға; Қуыршақтар – сөреге; Доптар – қорапқа т.б.	Балалар аюдың суретін салып,оған ат қоляды.Мыс: «Мишка», «Аққұлақ», «Тәтті аю» 2.Математика негіздері – Ұзын-қысқа ойыншықтарды салыстыру. Кеңістікте бағдарлау: оңға, солға қою. Д/ойын:«Дұрыс орналастыр»Балалар ұзыннан қысқаға қарай ретімен орналастырады. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру. Үй жануарлары мен ойыншық жануарларды салыстыру. Балаларға сұрақтар қою: -Мысық тірі ме? -Ойыншық аю тамақ іше ме? -Ит пен ойыншық иттің айырмашылығы неде? Ойын: «Тірі ме,жансыз ба?» Тәрбиеші суреттер көрсетеді балалар«тірі»немесе «жансыз»деп жауап береді. 4.Жас экологтар. Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балаларға әр мез-гілдің маусымдық өзгеріс-тері туралы білім	жасау(дөңгелек,төртбұрыш) Геометриялық пішіндерден жасау(дөңгелек,төртбұрыш) Балаларға пішіндерден машина жасату. Жұмыс барысы: 1.Машинаның кузовын жасау: тіктөртбұрыш пішінді қиып қағазға жапсырамыз. 2.Терезесін жасау:шаршы немесе кішкентай тіктөртбұрыштан жапсырамыз. 3.Дөңгелектерін жасау:екі немесе төрт дөңгелек пішінді қиып алып,машинаның астына жапсырамыз. 4.Фараларын кішкентай дөңгелектен жасаймыз. 3. Дене тәрбиесі «Шеңбер бойымен жүреміз» ЖДЖ: Қолды алға созып, шапалақтау.Саусақ гимнастикасы. Негізгі қимыл: Шеңбер бойымен жүру,тоқтап жартылай отыру. Ұлттық ойын:Хан талапай»(шарлармен). Мәдени-гигиеналық дағды: Киімді ұқыпты киюшешу.	2. Математика негіздері – Т/Бы:Қуыршақтың киімдерін ұзын-қысқа, үлкен-кіші деп салыстыру.Тәулік бөліктерін ажырату. Мақсаты:Балаларға тәулік бөліктерін таныстыру.Уақытты ажырата білуге үйрету. Күн тәртібі туралы түсінік қалыптастыру. Тәулік бөліктері: Таң – күн шығады,балалар балабақшаға келеді. Күндіз – оқу,ойын,серуен уақыты. Кеш – ата – анамен уақыт өткізу,тынығу. Түн – ұйқы уақыты,қараңғы болады. Ойын: «Қай уақыт?» Тәрбиеші жағдайды айтады, балалар қай тәулік бөлігі екенін айтады. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру – Балалардың сүйікті ойыншықтары мен олардың айырмашылықтарын атау. Мақсаты:Балалардың ойыншықтарды салыстыру қабілетін дамыту.Айырмашылық пен ұқсастықты табуға үйрету.	түсіндіру. Ойын:«Біреу ме, көп пе?» Тәрбиеші ойыншықтарды көрсетеді,бір аю,үш машинаны.Балалар «біреу» немесе «көп» деп айтады. 3.Дене тәрбиесі «Доппен ойнаймыз» ЖДЖ: Қолды басынан асыра көтеру, шапалақтау. Негізгі қимыл:Жан-жаққа баяу айналу, допты домалату. Ұлттық ойын: «Алтын сақа» (доппен). Мәдени-гигиеналық дағды: Тарақты қолдану. Сауықтыру шарасы: Тыныс жаттығулары. 4.Қоршаған әлеммен таныстыру – Ойыншықтарды күтіп ұстау ережесін қайталау. Мақсаты:Балаларды ойыншыққа ұқыпты қарауға үйрету.Тазалық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.Ойыншықты сақтау ережелерін қалыптастыру. Ойын: «Ойыншықтың

	4.Музыка Жетекші жоспарымен	беру. Табиғат әсемдігіне баулу. Күз: -Жапырақтар сарғаяды. Жаңбыр жиі жауады, Егін жиналады. Қыс: Қар жауады Аяз болады. Балалар шана тебеді. Көктем: Қар ериді,күн жылынады. Құстар ұшып кетеді. Гүлдер өседі. Жаз: Күн ыстық болады Балалар демалады Жеміс – жидек піседі.	Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде жүгіру. 4.Қоршаған әлеммен таныстыру. Тақырыбы: Нағыз көліктерді бақылау(сурет,видео). Мақсаты:Балаларды қоршаған ортаны бақылауға үйрету.Көліктердің түрлерін ажырату.Қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Ойын: «Көлікті тап» Тәрбиеші сипаттайды, балалар қай көлік екенін табады. Ойын: «Дыбысынан таны» Көліктің дыбысын тыңдап, түрін анықтау.	Ойын: «Салыстыр да айт» Балалар екі ойыншықты таңдап,ұқсастығы мен айырмашылығын айтады. 4.Қазақ тілі «Табиғатта» Тілдік дамытушы орта: Серуен кезінде табиғат нысандарын бақылау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:«с»,«ш» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: «Жапырақ, гүл, ағаш, шөп, күн». Грамматикалық құрылым: Заттың түсін анықтау(«жасыл жапырақ»,«қызыл гүл»). Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сөйлем құру («Бұл – ағаш», «Жапырақ жасыл»). Ойын: «Табиғат» Тәрбиеші шашылған суреттерді ортаға тастайды, балалар табиғатқа жататын суреттерді тауып алады. 5.Дене тәрбиесі. «Шеңбер бойымен жүре-міз» ЖДЖ: Қолды алға созып, шапалақтау.Саусақ гимнастикасы. Негізгі қимыл:Шеңбер бойы-	үйін тап». Балалар әр ойыншықты өз орнына орналастырады.

				мен жүру, тоқтап жартылай отыру. Ұлттық ойын: «Хан талапай» (шарлармен). Мәдени-гигиеналық дағды: Киімді ұқыпты кию-шешу. Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде жүгіру.	
2-ші таңғы ас	«Үнемді тұтыну» Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру.Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру:нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	«Үнемді тұтыну» Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Сөреге жет» Мақсаты: Жүгіру жылдамдығын дамыту. Шарты: Балалар белгі берілгенде сызықтан сызыққа жарыса жүгіреді.	«Түймелерді жина» Мақсаты: Ұсақ моторика менептілікті дамыту. Шарты: Алаңға шашылған түрлі түсті дөңгелек заттарды (түйме орнына) жинап, себетке салу.	«Жолбарыстың ізімен» Мақсаты: Бақылағыштықты, қимыл дәлдігін дамыту. Шарты: Жерге іздер (қағаз, бормен) салынады. Балалар сол ізбен жүріп, жолбарыстың «үңгірін» табады	«Қарлығаштар мен мысық» Мақсаты: Ептілік, шапшаңдықты дамыту. Шарты: Бір бала мысық, қалғандары қарлығаш. Мысық қарлығаштарды қуып ұстайды.	«Тау шыңына шығу» Мақсаты: Күш пен төзімділікті дамыту. Шарты: Балалар қадамдап, жорғалап немесе еңбектеп «тауға» (төсеніш, кішкентай кедергі) көтерілед

Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну:«Жарықты өшіруді ұмытпау» Сымға жалғанып Сыммен бойлайды, Ол келсе шам жанып, Үй іші жайнайды. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Үнемді тұтыну: Жарықты үнемді пайдалану түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау:қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту)).	Біртіндеп ояту:Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету:
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен				

	құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағды, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілер еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалар дербес іс-әрекеті(қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа,басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру Құрылыс материалдарынан ойыншық үйшігін құрастыру Сурет салу Дәстүрден тыс әдіс: саусақпен қуыршақ бейнесін салу Мүсіндеу Ермексаздан доп жасау (домалақтау тәсілі) Жапсыру Дайын пішіндерден қуыршақтың суретін жапсыру	Сурет салу – Алақанмен аю бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Ермексаздан аю мүсіндеу (домалақтау, жалпақтау). Жапсыру – Дөңгелек пішіндерден аю бейнесін құрастыру. Құрастыру – Текшелерден аюға орындық құрастыру	Сурет салу – Дөңгелек штампымен машина бейнесін салу(дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Ермексаздан машина жасау. Жапсыру – Пішіндерден машина бейнесін жапсыру. Құрастыру-Конструктордан машина жасау.	Сурет салу – Мақтамен қуыршақтың киімін бояу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу – Қуыршаққа жеміс (алма, алмұрт) мүсіндеу. Құрастыру – Қуыршаққа арналған төсек жасау.	Құрастыру – Барлық ойыншықтарға арналған ойын бұрышын құрастыру. Сурет салу –Тіс щеткасымен шашыратып ойыншық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). Мүсіндеу Ермексаздан бірге ойнайтын ойыншықтарды жасау. Жапсыру – «Менің ойыншықтарым» композициясын жапсыру.
Балалармен жеке жұмыс	Белгілі бір ретпен киінуге және шешінуге дағдылан-дыру.Қ Данияр	Педагогтардың көмегімен шағын тақпақтарды ішінара қайталайды. Ахмад	Мүсіндейтін заттарды зерттеу-ді меңгеру.Асылым	Қарқынды өзгертіп жүруге, жүгіруге үйрету.Жантөре	Жүруде тепе-теңдікті сақтауға үйрету.Амина
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» Міндеті:Қазақтың салт-дәстүрін,әдет-ғұрпын, туған елге-жерге деген сүйіспеншіліктерін	Ұлттық ойын: «Түйілген орамал Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.	Ұлттық ойын: «Көтермек» Міндеті: Балаларды шапшандылықпен, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Тақия жасыру» Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оята отырып тәртіпті бала болуға тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Хан алшы» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.

	арттыру.				
Серуеннен оралу	Үнемді тұтыну:Күш қуатын үнемді қолдану. Жарықты өшіруді ұмытпау.Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.Бала тәрбиелеуде ата-аналарға кеңес беру және түсінік жұмысын жүргізу.				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үстібаспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	Ойын:«Аңшылар мен қасқырлар» Мақсаты: Жылдамдық пенептілікті дамыту. Шарты:Бірнеше бала «аңшы»,қалғандары «қасқыр». Аңшылар қасқырларды ұстайды.	Ойын:«Кім тез?» Мақсаты:Жүгіру жылдамдығын, шапшаңдықты дамыту. Шарты:Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз.	Ойын:«Қарлығаштар ұясына» Мақсаты:Тепе-теңдікті, үйлесімді қимылды жетілдіру. Шарты:«Ұя»ретінде шеңберлер қойылады. Балалар«қарлығаш» болып алаңда ұшады, белгі берілгенде ұясына жиналады	Ойын:Кім қырағы?» Мақсаты: Зейінін, байқампаздығын арттыру. Шарты:Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.	Ойын:«Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: Жылдамдық пенептілікті дамыту. Шарты:Бірнеше бала «аңшы»,қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды.
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңілкүйі, жетістігі,іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.	Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойғы әсерін ертегі арқылы талқылаңыз.	Отбасымен бірге үстел басында күннің жақсы сәтін айту дәстүрін бастаңыз. Тапсырманы орындағаны үшін алғыс айтып, жылы сөз айтыңыз. Бірге түстерге байланысты сурет салыңыз. Бірге кітап оқып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылаңыз.	Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім,қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңілкүйі, жетістігі,іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 22 - 26 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы 4 апта
Тәрбиешілер:Тоқпанова З.А. Байсеркешова Г.А. Тексерген: Нургалиева Ж.С. 19.09.25ж
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу; үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау; Өзіне-өзі қызмет көрсету
Апта дәйек сөзі: «Білім мен еңбек – болашақтың шамы.»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.2025ж	Сейсенбі 23.09.2025 ж	Сәрсенбі 24.09.2025ж	Бейсенбі 25.09.2025ж	Жұма 26.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу.Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау құрдастарымен амандасу,әңгімелесу.Қауіпсіздікті қамтамасыз ету(заттарын дұрыс орнына қою,тәр-тіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру.Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. «Күй күмбірі. Кеңес»	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. «Күй күмбірі» (Адай күйін тыңдату)балаларды қабылдау кезінде үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру. «Өнегелі 15 минут» «Күй күмбірі.Кеңес»	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы,дене температурасы,т.б.)Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау. «Өнегелі 15 минут» Қауіпсіздік ережесі: Әлеуметтік эмоционалды дағ-дыларды қалыптастыру, бала-лармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдерді көруге кеңес беру. «Күй күмбірі.Кеңес»	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу. Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі,тазалығы,дене температурасы,т.б Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу.Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау(құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі.Кеңес»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәру-менге бай етіп дайында-ңыз.Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсы-ныңыз. «Өнегелі 15 минут» «Күй күмбірі.Кеңес»

	«Өнегелі 15 минут»				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгіме лесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Балаға жылы құшақтап, «күнің сәтті өтсін» деңіз. Балаға достарына күлімдеп сәлем беруді ескертіңіз. Балаға өзін-өзі мақтауды үйретететін сөз айтыңыз («мен мейірімдімін»). Қауіпсіздік ережесін еске түсіріңіз (жолдан өту, өткір зат). Баланы шынайы күліп шығарып салыңыз.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру **Қауіпсіздік ережесі:**«Балабақша мен үйдегі қауіпсіздік».Бұралқы жануарлармен ойнамау.Терезе алдына шықпау. Қоқыс,құрылыс алаңында тас жол және темір жол маңайында жүгірмек.	Балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Жапырақтарды жинаймыз». Балабақша ауласына түрлі түсті қағаздан жасалған жапырақтар шашылып қояды.Балалар оларды жинап, «қоқыс жәшігіне» (себетке) салады. Экологиялық тәрбие	«Ұшқыр ой алаңы» Өз тілім туған тілім, дана тілім! Міндеті:Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып, танымдылық қабілетін арттыру.Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу. Қазақ тілі	«Досыңа көмектес» Балалар шеңберге тұрады. Бір бала ойыншықты түсіріп алады.Қасындағы бала «алып беріп» досына қайтарады.Барлығы кезекпен қайталайды. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	«Шын айтшы» Тәрбиеші ойыншықты көрсетіп: «Бұл мысық па?» деп қасақана шатастырады. Балалар «Жоқ, бұл қоян!» деп дұрыс айтады. Баланы шындықты айтуға, дұрыс жауап беруге баулу. Адалдық әліппесі	«Смарт бала» Жобасы «Күз келді»суреттер құрастыру Міндеті:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту,құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу,дайын құрылысты талдау.
Ертеңгілік жаттығу	«Күн шықты» — қолды созып тұру. «Бұлт қозғалды» — иықпен айналу. «Құстар ұшты». «Балапан» — қолды қағып, тіземен отыру «Менің Қазақстаным»	«Жапырақ сыбдырлады» — қолды тербету. «Жаңбыр тамшылары». «Кемпірқосақ» — жанға еңкею. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы	«Жылан» — жерге созылып жату. «Қораз» — кеудені созу. «Құстар ұшты». «Қоян секірді». Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәр-	«Күнге қараймыз». «Желкен» — қолды жайып еңкею. «Балық» — жүзгендей қолды қозғау. «Аю жүрісі». Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас	«Күн шықты» — созылу. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. «Көбелек ұшты». «Тырна» — бір аяқта тұру. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету

	әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	бие бағдарламасы	тәрбие бағдарламасы	арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Таңғы ас	«Үнемді тұтыну»Жылуды үнемдеу. Жылу шығынын азайту үшін үйде есік пен терезені жақсылап бітеу қажет. Жылу беретін реттегіш орнату. Қабырғасы шойыннан Омыртқасы шойыннан, Жылыту үшін бөлмені. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Ө**з орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау,құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру.	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру
Кестеге сәйкес ҰІӘ	1.Сөйлеуді дамыту және көр-кем әдебиет. «Менің үстелім» «Менің үстелім» тақырыбында әңгімелесу. Үстел туралы өлең оқу Ойын: «Үстелімді реттейік»	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет «Менің досым бар» – Дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д) дұрыс айтуға жаттықтыру.«Дос» сөзімен сөйлем құрастыру. «Достық» тақырыбындағы	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет «Достарым көп» – «Көп достарым бар» тақырыбында әңгіме құрастыру. «Достық» ертегісін тыңдау, мазмұнын талдау. «Достарым көп» тақпақ: Достарым көп менің,	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет – Менің сүйікті досым» – «Бұл – менің досым» тақырыбында сөйлемдер айту. «Дос туралы әңгіме» оқу. «Бұл – менің досым»тақпақ: Сүйікті менің досым,	1.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет –Достық бізді біріктіреді» «Досымды жақсы көремін, өйткені…» сөйлемін толықтыру. Достық туралы мақал-мәтелдер жаттау. 1.Досы көпті жау

	Балалар үстелдегі заттарды дұрыс орындарға орналастырады:қалам – қаламсапқа,кітап-кітапқа,ойыншық-ойыншыққа. 2.Математика негіздері – Үлкен үстел мен кіші үстелді салыстыру. «Көп – біреу» ұғымын бекіту. Балаларға үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру.Салыстыру дағдыларын дамыту. Д/ойын:«Қайсысы үлкен,қайсысы кіші» Екі үстелді қатар қойып балалардың қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін атауын сұрау. 3.Музыка Жетекші жоспарымен 4.Қоршаған әлеммен таныстыру. Балабақшадағы үстелдерді бақылау. Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаны бақылауға үйрету. Ойын: «Тексеріп көр» Балалар әр үстелге қарап: Үстел таза па/ласты ма? Үстелде не бар?	тақпақ жаттау. Досым менің қасымда, Қуанышым – басымда. Бірге ойнап күлеміз, Тату – тәтті жүреміз. 2.Математика негіздері — Көп және азды ажырату (қуыршақ көп, машина аз). Мақсаты:Балаларға «көп» және «аз» ұғымдарын меңгерту. Ойын: «Көппе,аз ба?» Тәрбиеші сурет немесе зат көрсетеді,балалар жауап береді. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру – «Досыммен ойнаймын» (табиғат бұрышындағы ойын). Адамгершілік-патриоттық тәрбие – Достықтың жақсы қасиеттерін айту. Тақпақ: Досыммен ойнаймын Күліп бірге жайнаймын. Тату болып әрқашан, Қуанышқа тоймаймын. 4.Жас экологтар. Тақырыбы:«Табиғат бұрышында» Мақсаты: Балаларды балабақшадағы,топтағы табиғат бұрышымен таныстыру, түсіндіру. Ойын:«Табиғат бұрышында	Көңілім әркез шат. Бірге ойнап күлеміз, Болмайды еш уайым,қат. Тату – тәтті жүреміз Бір – бірімізді сыйлаймыз. Әрқашан біз біргеміз, Ажырамас іргеміз. 2.Математика негіздері – Үлкен мен кішіні салыстыру (үлкен доп – кіші доп). Үлкен-көлемі,биіктігі немесе ұзындығы көбірек зат. Кіші-көлемі,биіктігі немесе ұзындығы азырақ зат. Мыс:үлкен доп-кіші доп Үлкен стол – кіші стол Үлкен алма – кіші алма Үлокен үй – кіші үй. Салыстыру сұрақтары: қайсысы үлкен? қайсысы кіші? Нешеуі үлкен? Нешеуі кіші? 3.Қоршаған әлеммен таныстыру – «Достар табиғат аясында» (гүлдер, ағаштар). Адамгершілік-патриоттық тәрбие – «Көмектескенге рахмет айт» жаттығуы. Қимыл-қозғалыс- «Достар биі» қимылды ойын. Заманауи әдіс – Жобалық әдіс: «Достар кітабын» құрастыру (әр бала суретін қосады «Достар табиғат аясында»тақпақ:	Жанымда әркез қосым. Қуанышта,қайғыда, Қол ұстасқан досым. 2.Математика негіздері – Кеңістікте бағдарлау (қуыршақты оңға, солға қою). 3.Қоршаған әлеммен таныстыру – «Менің досым табиғатты сүйеді» (өсімдіктерге су құю). 4. Қазақ тілі – Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату(дос-досым, бала – балам) – Достарға қатысты сөздерді ауызекі сөйлеуде қолдану. Жуан түбір сөздер:құрамында жуан дауыстылар болады: а,о,ұ,ы. Мыс:бала,жол,орман,құс,дала Жіңішке түбір сөздер:құрамында жіңішке дауыстылар болады:ә,ө,ү,і,е. Мыс:әже,көл,гүл,тіс,терезе. 5.Дене тәрбиесі. «Жыланша жүреміз» ЖДЖ: Қолды бір қолынан екінші қолға зат беру. Негізгі қимыл: «Жыланша» жүру, бұрылып жүру. Ұлттық ойын: «Орамал тастау». Мәдени-гигиеналық дағды: Жуынғанда сабынды пайдалану. Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде қимылды ойындар.	алмайды. 2.Ескі дос-жаңа достан артық. 3.Татулық- достықтың негізі. 4.Досы жақсының – өзі жақсы. 2.Математика негіздері – Бірдей және әртүрлі заттарды ажырату (бірдей қуыршақтар – әртүрлі машиналар). Бірдей заттар: пішіні, түсі,көлемі,саны бірдей болады. Мыс:екі қызыл доп,үш бірдей қарындаш,екі кішкентай сары гүл. Әртүрлі заттар: пішіні, түсі,көлемі,саны әртүрлі болады. Мыс:қызыл доппен көк доп,үлкен алма мен кіші алма,дөңгелек шар мен төртбұрыш текше. Ажырату жолдары: 1.Заттарға мұқият қарау керек. 2.Түсін салыстыр. 3.Пішінін салыстыр. 4.Көлемін салыстыр. 5.Қорытынды жаса: бірдей ме,әртүрлі ме? Ойын: «Тап және айт» Балаларға бірнеше зат көрсетіледі. -Қайсысы бірдей?

	Үстел үлкен бе,кіші ме?деп айтып шығады.	не болады?» Бөлме гүлдері, кактус,аквариумдағы балықтар,ұсақ жануарлар,табиғат материалдар.	Табиғатта достарым, Көңілді өтті әр таңым. Гүлге қарап қуанып, Таза ұстадым орманым. 4.Дене тәрбиесі «Саппен жүреміз» ЖДЖ: Қолды жанға созу, алақандарды жоғары қарату. Негізгі қимыл: Тізені көтеріп жүру, саппен жүру. Ұлттық ойын: «Айгөлек». Мәдени-гигиеналық дағды: Тісті тазалау. Сауықтыру шарасы: Тыныс алу жаттығулары («Қарбызды иіске»).		-Қайсысы әртүрлі? -Несімен ерекшеленеді? 3. Дене тәрбиесі. «Кедергілерден аттаймыз» ЖДЖ: Қолды жоғары көтеріп, бүгіп-жазу. Негізгі қимыл: Еденге қойылған заттардан аттап өту. Ұлттық ойын: «Арқан тарту». Мәдени-гигиеналық дағды: Орамалды орнына ілу. Сауықтыру шарасы: Су процедурасы (қолды салқын сумен шаю). 4.Қоршаған әлеммен таныстыру – «Достық табиғаттағыдай әдемі» (құс,гүл,күн).жинастыру. Адамгершілік-патриоттық тәрбие – «Достық – ең қымбат» түсінігін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс – «Достық шеңбері» қимылды би. Заманауи әдіс – АКТ: достық туралы қысқа мультфильм көру, талдау.
2-ші таңғы ас	«Үнемді тұтыну» Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашырат-	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуы-	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру.Үстел ба-	«Үнемді тұтыну» Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.	«Үнемді тұтыну» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында

	пау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	ну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.	сында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру:нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.	қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Серуенге шығамыз, Көңілді ән саламыз. Таза ауа жұтып ап, Шынығып біз аламыз.	Балалар серуенге шыққанда шыққанда:таза ауамен тыныстайды;құстарды, ағаштарды бақылайды;табиғатты қорғауға үйренеді.	Серуен кезіндегі ережелерді сақтау: 1.Үлкендердің қасынан қалмау; 2.Жерге қоқыс тастамау; 3.Бір – біріне қамқор болу.	Қимылды ойындар: 1.«Қуаласпақ» Бір бала қуады,қалғандары қашады. 2.»Ақ серек-көк серек» Екі топқа бөлініп ойналады.	Ойын:«Кім жылдам?» Белгіге дейін жүгіріп барып,қайта оралу.
Серуеннен оралу	**«Үнемді тұтыну» Жылуды үнемдеу.** Үй ішіне қойылған. От болса жылу болады. Шоқ қайдан болса, Жылу содан. Тамақтану мәдениетін түсіндіру,ортасын таза ұстауды,ұқыптылықпен орындауды жаңашырлық танытуды меңгерту. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.(дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	«Үнемді тұтыну» Жылу энергиясын тұтынуды реттеу. Долысын ай боранның Тұлыбыма орандым, Кімге қамсау тұлыбың, От жағалық ,құлыным! Берілген тағамды толық ысырапсыз жеуге мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

	өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету. Досының киінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу. Музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өзіне-өзі қызмет көрсету, және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы.	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулық ты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотори-каны дамыту	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту)).	Біртіндеп ояту:Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету:
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағды, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілер еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалар дербес іс-әрекеті(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа,басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқа-лары)	**Сурет салу** – Саусақпен үстелді бояу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** –Ермексаздан үстел бейнесін жасау **Жапсыру** – Дайын пішіндерден үстел бейнесін жапсыру. **Құрастыру** –Текшелер-ден үстел құрастыру.	**Сурет салу** – Алақанмен орындық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан орындық жасау. **Жапсыру** – Геометриялық пішіндерден орындық бейнесін құрастыру. **Құрастыру** – Текшелерден үстел құрастыру.	**Сурет салу** – Мақтамен төсек суретін бояу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан жастық мүсіндеу **Жапсыру** – Жастық пен көрпе бейнесін жапсыру. **Құрастыру** – Текшелерден төсек жасау	**Құрастыру** – Құрылыс материалдарынан шағын шкаф жасау **Сурет салу** – Тіс щеткасын пайдаланып шкаф бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан шағын сөре жасау **Жапсыру** – Дайын пішіндерден шкаф бейнесін құрастыру.	**Мүсіндеу** – Ермексаздан жиһаз-дар топтамасын жасау **Жапсыру** – «Менің бөлмем» компози-циясын жасау **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Үйдегі және бала-бақшадағы жиһаз-дарды салыстыру. **Құрастыру** – Құрылыс

					материал-дарынан бөлме құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуға меңгерту.И.Кәусар	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атауға дағдыландыру Азалия	Педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтуға дағдыландыру.Асылым	Мүсіндейтін заттарды зерттеуге үйрету.Жантөре	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуға меңгерту.Амина
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Аспандағы шарлар» **Мақсаты:** Қолдың икемділігін дамыту. **Шарты:** Балалар шарды жерге түсірмей, жоғары соғып ойнайды.	«Жолдан қаш» **Мақсаты:** Жылдам реакцияны дамыту. **Шарты:** Ортада сызық немесе жіп – «жол». Тәрбиеші «көлік келе жатыр» десе, балалар жолдан секіріп қашады	«Секіргіш бақалар» **Мақсаты:** Секіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар бақа сияқты секіріп, белгіленген жерге жетеді.	«Желкенді кеме» **Мақсаты:** Қиял мен қозғалысты үйлестіру. **Шарты:** Балалар «кеме» болып, қолдарын жайып желкен етіп, бір бағытта қозғалады.	«Сиқырлы доп» **Мақсаты:** Доппен жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар допты бір-біріне лақтырып, жерге түсірмеуге тырысады
Серуеннен оралу	**«Үнемді тұтыну»Жылу энериясын ұтымды пайдалану. Балаларға түсіндірме жұмысын жүргізу.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру .Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). Өнегелі 15 минут»** - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру Ата-ананың балаға «күз» туралы тақпақ жаттауына мүмкіндік жасау, тақпақ жаттауға деген қызығушылықты арттыру. Күзге байланысты турлі мүсіндер жасау тапсырылды.				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	Ойын:«Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Жылдамдық пенептілікті дамыту. Шарты:Тәрбиеші «Күн шықты!»дегенде балалар алаңда еркін жүгіреді. «Жаңбыр жауды!» дегенде бәрі белгіленген орынға жүгіріп (үйшікке) жиналады.	Ойын:«Ақ қоян» Мақсаты:Секіру қабілетін дамыту. Шарты:Балалар шеңбер жасап тұрады,ортада«Қоян» болады.Барлығы тақпақ айтып болған соң,қоян шеңберден секіріп шығып, бір баланы ұстайды.	Ойын:«Кім жылдам?» Мақсаты:Жылдам жүгіруге үйрету.. Шарты:Белгі берілгенде балалар мәреге дейін жүгіріп барады. Бірінші келген бала жеңімпаз атанады.	Ойын: «Түсті тап» Мақсаты: Зейінін, байқампаздығын арттыру. Шарты:Тәрбиеші бір түсті атайды (Мысалы,жасыл) балалар айналасынан сол түсті затты тез тауып,қолын тигізеді.	Ойын:«Қуып жет» Мақсаты: Жылдамдық пенептілікті дамыту. Шарты:Бір бала «қуғыншы» болады,қалғандары қашады.Ұсталған бала келесі қуғыншы болады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Бүгінгі ойында немесе әрекетте не үйренгенін сұраңыз	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру Сөмкесін бірге ашып, ішіндегі заттарын бірге қарап шығыңыз.	Ата-анамен бала тәрбие-сіне байланысты қысқа кеңес беру Күнде бір жаңа өлең, тақпақ немесе сөзді бірге қайталаңыз	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру баладан күнгі ойыны немесе тапсырмасы жайлы әңгімелетіңіз

2-5 қыркүйек 2025

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29 - 03 қазан 2025-2026 оқу жылы 1 апта

Тәрбиешілер:Тоқпанова З.А. Байсеркешова Г.А. Тексерген: Нургалиева Ж.С 26.09.2025 ж

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Оиы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Апта дәйек сөзі: «Отан отбасынан басталады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09.2025ж	Сейсенбі 30.09.2025 ж	Сәрсенбі 01.10.2025ж	Бейсенбі 02.10.2025ж	Жұма 03.10.2025ж
Балалар дербес іс-әрекеті(қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа,басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сурет салу Тақырып:“Қозғалыстағы мен.” Балалар түрлітүсті сызықтармен жүгіру секіру. қозғалысын бейнелейді. Мүсіндеу Тақырып: “Күшті қол.” Ермексаздан өз алақанының бейнесін домалатып басып шығару. Жапсыру	Сурет салу Тақырып: “Епті бала ойнайды.” Балалар бояумен қол қимылы арқылы динамика бейнелейді (қылқаламды еркін сермеу). Мүсіндеу Тақырып: “Доптар себеті.” Түрлі түсті ермексаздан бірнеше кішкене доп жа-сап себетке салады. Жапсыру Тақырып: “Жинақшы бала.”	Сурет салу Тақырып: “Бірге болған күш.” Топтық сурет: балалар бірі-гіп бояйды (ортақ қағазда). Мүсіндеу Тақырып: “Жүректер тізбегі.” Әр бала кішкентай жүрек жасап бәрі бірге тізбектейді. Жапсыру Тақырып: “Достар шеңбері.” Балалардың суреттерінен шеңбер жасап жапсырады. Құрастыру Тақырып: “Бірлік қаласы.”	Сурет салу Тақырып: “Жылдам қимыл.” Саусақ бояумен жүгіріп жүрген із қалдыру (саусақ техникасы). Мүсіндеу Тақырып: “Жаттығу құралдары.” Ермексаздан гантель секіртпе пішіндерін жасау. Жапсыру Тақырып: “Жаттығу залында.” Түрлі спорт заттарының суреттерін жапсыру.	Сурет салу Тақырып: “Мен батыл баламын.” Балалар өздерін батыр ретінде бейнелейді. Мүсіндеу Тақырып: “Қалқан мен жұлдыз.” Ермексаздан батыр белгісін жасау. Жапсыру Тақырып: “Батыл балалар.” Батырлардың силуэттерін түстермен жапсыру.

	Тақырып: “Жүгіріп жүрген бала.” Денені құрастыратын дайын пішіндерді орналастыру (бас қол аяқ). Құрастыру Тақырып: “Кедергілер алаңы.” Текшелер мен кірпіш-терден “секіру жолы” жасау.	Үлкен қағаз бетіне пішіндерді ретімен орналастыру. Құрастыру Тақырып:«Ойын бұрышы»	Бірге құрастырып ортақ “қала” жасайды.	Құрастыру Тақырып: “Секіру жолы.” Конструкторлардан шеңберлі жол жасау.	Құрастыру Тақырып: “Батырлар алаңы.” Текшелерден бекініс алаң жол салу.
Балалармен жеке жұмыс	Дербестік танытуға: киінуге, жуынуға және тіс тазалауға ұқыптылыққа дағдыландыру.Мансур	Жануарлардың дене бөліктерін ажыртады, атайды, сыртқы түріне назар аударады. Ш.Алдияр	Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтуға дағдыландыру. Мұстафа	Педагогтардың көмегімен шағын тақпақтарды ішінара қайталайды.Әділ	өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенің айтуға дағдыландыру.Ж.Айша
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Ұлттық ойын: «Ою арқылы секіру» Міндеті: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	Ұлттық ойын: «Арқан тартыс » Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажы-рата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру	Ұлттық ойын: «Аударыспақ» Міндеті: Балалардың адам-гершілік патриоттық сезім-дерін оята отырып тәртіпті бала болуға тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Асық ату» Міндеті:Балаларды жылдам-дыққа, шыдамдылыққа, тап-қырлыққа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті:Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, алғам-паздыққа тәрбиелеу
Серуеннен оралу	«Үнемді тұтыну» Қағаздың шығу тарихы,түрлі- түсті қағаздармен танысу,тиімді пайдалану. Ақ парақтан ерінбей қағаз жайып Апам жасап беретін қағаз қайық Суға салып үрлейсің сонан кейін Кемедей жүзеді таңғажайып.(Сөйлеуді дамыту) Жұмбақтар шешу,өлеңдер,әндер,жаңылтпаштар,санамақтар және т.б жаттау.көркем әдебиет,дербес ойынәрекеті				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигие-				

	налық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	Ойын: «Орманда серуен» Міндеті: Қозғалыс бағыттарын өзгертуге үйрету. Шарты: Балалар «орман ішімен» жүреді, «жануар шықты!» десе – иіліп тығылады.	Ойын:«Күннің шуағы» Міндеті: Жылдам қимыл және бағытты бағдарлау. Шарты: Балалар шеңберге тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, күн сәулесін бейнелейді. «Бұлт басты!» десе – отырады.	Ойын: «Көңілді жол» Міндеті: Тепе-теңдік пен ептілікті дамыту. Шарты: Тәрбиеші арқан немесе сызық сызады. Балалар сол сызық бойымен құламай жүреді.	Ойын:«Машиналар жарысы» Міндеті: Жылдам реакция мен бағытты сезінуге үйрету. Шарты: Балалар машиналар болып жүреді. «Жол ашық!» десе – жүгіреді, «жол жабық!» десе – тоқтайды.	Ойын: «Күзгі бақ» Міндеті: Табиғатқа қызығушылық пен қимыл үйлесімділігін дамыту. Шарты: Балалар жерге түскен «жапырақтарды» (қағаз қиықтары) теріп, себетке жинайды.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру. Алған әсерлерімен бөлісу. Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі,іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім,аяқ киім,қол өнер жұмыстары) дайындап беру.	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру).	Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)

2-5 қыркүйек 2025

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01 - 05 желтоқсан 2025 оқу жылы 1 апта
Тәрбиешілер:Тоқпанова З.А. Байсеркешова Г.А. Тексерген: Нургалиева Ж.С. 28.11.25 ж
Желтоқсан: «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Апта дәйек сөзі: «Дос көп болса-күш көп»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.12.2025ж	Сейсенбі 02.12.2025 ж	Сәрсенбі 03.12.2025ж	Бейсенбі 04.12.2025ж	Жұма 05.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б.) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету(заттарын дұрыс орнына қою,тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру.Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау. Қауіпсіздік ережесі: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдерді көруге кеңес беру. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Балаларды жылы қарсы алу,ата-аналарымен амандасу.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкіл	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиелену-	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен тәрбиеленушілері мен	Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін

дерімен әңгіме лесу, кеңес беру	шінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату. Ата-аналармен жұмыс-ты ұйымдастыру	біріктіру.	педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас ортақ мүдделер өзара түсіністік атмосферасын құру. Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз аздап уақыт қалдырыңыз.	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз бұл сенімділік береді.	өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. Қауіпсіздік ережесі: Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, лифті, подьезд,баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Республикам мақтанышым!» Мақсаты: Балаларға туған елі, туған жері туралы мағлұмат беру патриоттыққа тәрбиелеу.	Табиғат бұрышындағы гулдерге су құюға көмектесіп бақылау. Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар,экологиялық тәрбие	«Түстерді ата». Шарты:Балалар кубиктерді алып орналастырады, олардың түстері қандай екенін атайды.Танымдық дағдылар, математика негіздері.	«Ұшқыр ой алаңы» «Тіл бұлбұл, сөз-бұлақ» Мақсаты: Ана тілін құрметтеуге, сөздік қорларын байыту,сөйлеу дағдыларын дамыту. Коммуникативтік дағдылар	«Смарт бала жобасы»: «Оюларды сәйкестен-дір» Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту,ұлттық құндылықты насихаттау. Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық оюларымен таныстырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Әлеуметтік дағдылар, экологиялық тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	Қолды жоғары көтеріп терең тыныс алу. Қар ұшқыны сияқты баяу қолды сермеп төмен түсіру. Аяқ ұшымен жеңіл жүру. Жаттығу:«Қар ұшқыны» Қолды жоғары көтеріп, жай сермеу. Аяқ ұшымен жүру. Орындарында секіру.	Терең тыныс алып, қолды кеудеге қою. Аюша еңбектеу (баяу, ырғақты). Бірнеше қадам жай жүгіру. Жаттығу: «Аю қыста» Қолды кеудеге қойып тыныс алу. Аюша еңбектеу. Жай жүгіру. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы	Қолмен жоғары көтеріп «қар лақтыру». Оң және сол жаққа бұрылу. Жеңіл секіріп түсу. Жаттығу: «Қар лақтырамыз» Қолмен жоғары лақтыру қимылдары. Оң/сол жаққа бұрылу. Секіріп түсу. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәр-	Денені алға-артқа бүгу. Қолмен домалақ жасау қимылы. Тізені көтеріп жүру. Мемлекеттік Әнұран орындау.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Аяқты жақын қойып жүру. Қолды жанға созу. Бір орында секіру. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау.

	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	бие бағдарламасы.		Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Таңғы ас	«Үнемді тұтыну»Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық: Сылдыр сылдыр сылдыр- су Беті қолды әркез жу, Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз, күлмейміз, Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз! /Сөйлеуді дамыту/				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру

Кестеге сәйкес ҰІӘ	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Қыс қонаққа келді» Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. Қыс мезгіліндегі табиғат өзге-рістерін бақылау. Сөздік қорды кеңейту: қар, мұз, боран, суық, жылы. Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін тыңдау, Дәйек сөз кіріктіріледі: «Қыс қатты болса, малға жайлы» — балалар қыс мезгілінің табиғатқа, адамдар мен жануарлар-ға әсерін өз ойларымен жеткізеді. Коммуникативтік дағ-дылар. 2. Математика негіздері Қар кесектерін санау «Көп – аз» ұғымдарын бекіту. Көктен жауған жаңбыр — көп, Жерде жатқан гүлдер — көп. Аспандағы Күн — біреу, Ол бізге — аз, бірақ нұры — көп! Оң қолымда — көп доп бар, Сол қолымда — аз доп бар.	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Қардың әуені» Қар жауады ақырын, Сыбырлайды ақырын. Шық-шық, шық-шық — Үлпілдеген ақ мамық. Басқан кезде аяқты, Сықыр-сықыр етеді. Қыс әуені — тамаша, Айналаны мекені! Қар ұлпасы туралы қиял әңгіме: “Қар сөйлей алса не дер еді?”. Жаңа сөздермен жұмыс: боран,мұз,сырғанақ, тоңа-ды. Қысқы дыбыстарды естіп, оларды сөзбен бейнелеу. Коммуникативтік дағды-лар 2.Математика негіздері Заттарды өлшеміне қарай салыстыру (үлкен – кіші). Мұз бен қардың қасиетте-рін бақылау, “қайсысы қатты?” тәжірибесі. Мұз — су кристалданып, тығыз массаға айналғанда пайда болады. Таза мұз жарықты жақсы өткізеді, сондықтан ол мөлдір болып көрінеді. Мұздың тығыздығы судың тығыздығынан төмен. Соның арқасында мұз су бетіне қалқып шығады.Бұл	1Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет. «Қысқы ертегілер елі» Балалар қыс туралы өз ертегілерін құрастырады (Аққала мен боранның достығы). Қысқы кейіпкерлердің мінезін сипаттау. М. Әлімбаевтың «Қар» өлеңін тыңдап, мәнерлеп айту. Қыс келді, қыс келді, Ақ қарға орап дестені. Аяз ата сыйлық ап, Қуантады біздерді. Шанамызды сайладық, Сырғанаққа аттандық. Қыс қызығы таусылмас, Біздер соған мақтандық. Коммуникативтік дағдылар 2.Математика негіздері. Геометриялық пішіндерден сурет құрастыру (шырша, күн, қар ұлпасы). Санау, салыстыру арқылы ойлау дағдыларын дамыту. Бір дегенім — Дөңгелек, Күн сияқты дөңгелеп. Допқа ұқсап кетеді, Зырлап алға жетеді. Екі дегенім — Үшбұрыш, Үш қабырға, үш бұрыш. Үйдің төбесі секілді, Тұрады ол өте тік. Үш дегенім — Шаршы бұл,	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Қысқы ойындар мерекесі»Балалар қысқы ойындар туралы әңгімелейді: шаңғы тебу, шанамен сырға-нау,қар лақтыру.Тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айту. Қысқы сөздерді сөйлем ішінде қолдану. Коммуникативтік дағдылар 2.Математика негіздері әрекеті: Кеңістікте бағдарлау: жоғары–төмен, оң–сол, алдында–артында. Заттарды ұзындығына қарай салыстыру (шаңғы – қысқа шана). Ойын:«Сиқырлы сандық қайда?» (Жасырынбақ) Бұл ойын заттардың бір-бірі-не қатысты орналасуын (алдында, артында, үстінде, астында) түсіндіреді. Ойын шарты: Бөлмеге бір ойыншықты жасырып қойы-ңыз.Баланы бағыттар арқылы бағыттаңыз. «Ойыншық үстелдің астында емес». «Ол шкафтың артында жасырулы». «Ол сенің оң жағыңдағы орындықтың үстінде тұр». Танымдық дағдылар 3.Қоршаған әлеммен таныс-тыру	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Аққала мен достары» Апта бойы үйренген сөздерді қайталау, қыс туралы әңгіме құрастыру. Өлең оқу, мақалдың мәнін еске түсіру. “Аққала не айтады?” ойыны арқылы диалог құрастыру. «Аққаланың әңгімесі» Балалар: — Аққала, аққала, Тұрсың далада, Аяз сені тоңдырмай ма? Келмей ме мұнда? Аққала (дауыс): — Сәлеметсіңдер ме, дос-тарым! Жоқ, мен тоңбай-мын. Менің денеме аяз жарасқан, ал мұрным сәбізден жасалған! Мен осы қарлы даланы, орманды, тауды күзетіп тұрғанды жақсы көремін. Бала: — Аққала, сенің мұрның сәбіз, қолың бұтақ, басыңда шелек. Саған қызық емес пе? Аққала: — Әрине, қызық! Менің айналамда ақ ұлпа қарлар билейді. Тиіндер мен қояндар менің қасымнан жүгіріп өтеді. Олар маған: «Қалайсың, Аққала?» деп сәлемдеседі.

	Санап көрсең бәрін де, Тапқыш бала — біз болар! Пішіндермен танысу: дөңгелек – қар ұлпасы, үшбұрыш – шырша. Танымдық дағдылар 3Қоршаған әлеммен таныстыру. «Қыс» мезгіліндегі адамдар еңбегімен танысу (қар тазалау, киім тігу). Жылы киімнің пайдасы, киім кию мәдениеті туралы әңгіме. Қысқы еңбектің негізгі түрлері:Балаларға суреттер мен әңгімелер арқылы мына жұмыстарды түсіндіреміз: 1.Қар тазалау: Ауланы, жолдарды қардан тазарту (аула сыпырушылар мен арнайы машиналардың жұмысы). 2.Құстарға қамқорлық: Қыстап қалған құстарға жемсауыт жасап, дән салу. 3.Ағаштарды қорғау: Ағаштардың түбіне қар үйіп, оларды аяздан қорғау («қармен көрпе	табиғаттағы өте маңызды құбылыс — өзен-көлдер түбіне дейін қатпай, балықтардың аман қалуына мүмкіндік береді. Су қатып мұзға айналғанда оның көлемі шамамен 9%-ға ұлғаяды.Сондықтан толы су құйылған шыны ыдыс қатып қалса, жарылып кетеді. Танымдық дағды 3.Қоршаған әлеммен таныстыру Құстарға қамқорлық жасау туралы әңгіме (“Қысқы достар”).Балалармен бірге жем салғыш үлгісін көрсету. Қыс келді деп тоңбайық, Құстарға қамқор болайық. Жемсауытты ілейік, Ішіне жем салайық. Ұя жасап ағашқа, Қарсы алайық көктемді. Тиіспейміз ешқашан, Дос боламыз біз енді. Әлеуметтік дағды 4.Жас экологтар. Тақырыбы:«Аңдардың қысқы тіршілігі» Мақсаты:Аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Оларға көмек беру маңызын түсіндіру.Жабайы аңдардың	Төрт қабырға тең тұр. Терезеге ұқсайды, Ешбір кемшілік жоқтайды. Танымдық дағдылар. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру. Қысқы ормандағы жануарлардың тіршілігі: қоян, аю, түлкі. Жұмбақ: Қорқақ десең — қашады, Зымырап тау асады. Түсін қыста өзгертіп, Ақ мамыққа ұқсайды. (Жауабы: Қоян) Маймаң-маймаң басады, Арадан ол қашады. Балды жақсы көреді, Қыста ұйқыға батады. (Жауабы: Аю) Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері шу да ду. Құйрығы ұзын әрі мамық, Түсі сары, көрген жан қалар таң қалып. (Жауабы: Түлкі) “Қыста жануарлар не істейді?”тақырыбында талқылау. Әлеуметтік дағды. 4.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға және екі жаққа	Қысқы серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту. Достық пен ұйымшылдық жайлы әңгіме (“Бірге ойнау – қызық”). Жалғыз жүріп жол таппас, Біріккендер адаспас. Достық туын көтеріп, Бізге ешкім жанаспас. Қиындықта демейтін, Бір-біріне сүйеу кім? Ол — әрине, нағыз дос, Бірлігі нық, көңілі хош. Әлеуметтік дағды. 4.Қазақ тілі «Туған өлкем» Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:«Ө» дыбысын анық айту (өлке, өзен). Сөзді тыңдап түсіну. Сөздік қор:Өлке, өзен, ауыл, үй, көше. Грамматикалық құрылым: Жуан-жіңішке сөздерді ажырату: ауыл – жуан, өрік – жіңішке. Көпше түр:үйлер, көшелер. Байланыстырып сөйлеу: Сурет бойынша сөйлем: «Бұл — ауыл», «Біздің үй үлкен».	Мен де оларға ертегімді айтып беремін. Бала: — Сенің ертегің қандай? Аққала: — Менің ертегім — қысқы дала туралы. Онда қыстың сұлулығы, боранның әні және сендердің күлкілерің бар. Мені сендер жасадыңдар, сондықтан мен бақыттымын! Тек күн жылынып, көктем келсе, мен сәл мұңаямын... Бала: — Неге мұңаясың, Аққала? Аққала: — Өйткені, мен еріп кетемін. Бірақ уайымдамаңдар! Мен келесі жылы аяз түсіп, қар жауғанда қайта ораламын. Оған дейін сендер мені сағынып жүріңдер, жарай ма? Балалар: — Міндетті түрде сағынамыз, Аққала! Келесі қысқа дейін қош сау бол! Коммуникативтік дағдылар 2.Математика негіздері әрекеті: Уақыт бөліктерін ажырату: таңертең – күндіз кеш – түн. Таңертең : Атты міне, алтын таң,

	жабу»).Мал шаруашылығы: Ауылдық жерде малға шөп беру, қораны жылыту. Әлеуметтік дағды 4.Музыка Жетекші жоспарымен	қысқы тіршілігі — өте қызықты тақырып. Кейбірі ұйқыға кетсе, кейбірі азық іздеп ақ қарды кешеді.Осы тақырыпқа арналған мағыналы өлеңді қабыл алыңыз: Аңдардың қысқы тіршілігі: Ақ қырау тұрып, дала аппақ, Аяз тұр бетті қарыған. Аңдар да жатқан жоқ қарап, Қам жасап інін баққан ба? Аю жатыр ұйқыда, Май жинап алып бойына. Көктемге дейін көз ілген, Кірмейді ештеңе ойына.	созып, алақандарын жоғары қаратып, көтеру және түсіру.Саусақтарды ашып-жұму, шапалақтау.Қол бұлшықеттерін қыздыратын айналмалы қимылдар, кеуде тұсын ашатын қозғалыстар.Жеңіл еңкею және орындарында тұрып денені бұру жаттығулары. Негізгі қимыл:4–6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Кедергілер арасымен еңбектеп өту, белгіленген сызық бойымен қозғалу. Еңбектеу кезінде тоқтау — жалғастыру дағдыларын дамыту. Қимылды ойын:«Кім тез еңбектейді?» — балалар белгіленген жолмен еңбектеп,«мәре»сызығына бірінші жетуге тырысады. Ойын шапшаңдықты, ептілікті және жарысу дағдысын дамытады. Шынықтыру элементі: Жылы бөлмеде ауа ваннасын қабылдау.Жаттығудан кейін мұрын арқылы терең дем алып, ауызбен баяу	Ойын: «Менің үйім қайда?» Балаларға үй, көше, ауыл суреттері беріледі. Педагог сөзді атайды – бала тиісті суретті көрсетеді. 5.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:Қолды жоғары көтеріп, айналдыру;иықты алға-артқа бұру. Тізені бүгу және жазу, басты жайлап иіп, денені айналдыра бұру. Кеуде мен белге арналған созылу жаттығулары. Негізгі қимыл:Арқанның астымен еңбектеу(биіктігі 40 см). Тура сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүру. Қиындатылған тапсырма ретінде еңбектеу бағытын өзгерту. Қимылды ойын:«Түн мен күн» — «күн» дегенде балалар жүгіреді, «түн» дегенде тоқтап отырады. Ойын есту реакциясын, жылдам бағдарлану қабілетін жетілдіреді. Шынықтыру элементі Қол мен аяқ бұлшықеттеріне жеңіл уқалау.	Күн де күліп оянды. «Қайырлы таң!» — деді де, Әлем нұрға боянды. Біз де ерте тұрамыз, Беті-қолды жуамыз. Күндіз: Күн төбеге көтеріліп, Күндіз болды, қарашы. Ойнайды да, оқиды, Адамдардың баласы. Жұмыс қызып жатады, Уақыт зулап жатады. Кеш: Күн ұяға батады, Кеш те келіп жетеді. Құстар ұшып ұяға, Мал да өрістен қайтады. Кешкі асты ішеміз, Үйде демалыс кезі бұл. Түн: Аспанда ай туады, Жұлдыз көзін қысады. Түн де келіп, айнала Терең ұйқы құшады. «Қайырлы түн!» — дейміз де, Тәтті ұйқыға енеміз. 3.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Отырған күйде аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Басты төмен иіп, тізені ұстап тұру. Омыртқа және арқа бұл-

			шығару. Қол мен аяққа жеңіл уқалау жасау.Мәдени-гигиеналық дағды.Жаттығудан кейін қолды сабындап жуу, таза сүлгімен сүрту. Киімін ретке келтіру және жаттығу орнын таза қалдыру.	«Гүлді иіскеу» тыныс алу жаттығуы — мұрынмен терең дем алу. «Шамды сөндіру» — ауыз арқылы баяу дем шығару. Өзіне-өзі қызмет көрсе-ту. Жаттығудан кейін киімін ретке келтіру. Майлықпен терін сүрту және жеке заттарын жинастыру. Тәртіп пен тазалық сақ-тау жайлы шағын түсіндіру.	шықеттеріне арналған жеңіл созылу жаттығулары. Негізгі қимыл:Заттарды айналып еңбектеу және олардың арасымен өту. Еңбектеу бағытын алға, оңға, солға өзгерту. Төрттаған қалыпта артқа еңбектеуді қосу. Қимылды ойын:«Жүгір – тұр!» — белгі бойынша жүгіру және дереу тоқтау. Ойын ептілік, зейін және қимыл дәлдігін дамыта-ды. Спорттық жаттығу: Таянышқа сүйеніп, аяқ-тың ұшымен көтерілу және созылу. Тепе-теңдікті сақтап 5–8 секунд тұру. Балалардың бойын түзе-туге арналған созылу қимылдары. Салауатты өмір салты «Денемізді шынықтыра-мыз» атты қысқа әңгіме: Дұрыс тыныс алу, қозға-лыстың денсаулыққа пайдасы туралы түсіндіру. Жеңіл тыныс алу жаттығуларымен аяқтау. 4.Қоршаған әлеммен

					таныстыру:Қысқы табиғатты қорғау туралы әңгіме (“Қар астында өмір бар”).Құстар мен жануарларға қамқорлық көрсету үлгісі. Дала жатыр, қар жатыр, Ақ мамықтай түгі бар. Ағаштардың басында, Ақ қыраудан бүрі бар. Күн суықтап, аяз кеп, Терезені өрнектеді. Қыс — табиғат ертегі, Керемет бір келбетті. Әлеуметтік дағды
2-ші таңғы ас	«Үнемді тұтыну» «Таза тарелка» сыйлығы. Кім екінші таңғы асын қалдықсыз, таза жеп шықса, оның кеудесіне немесе есімі жазылған тақтаға «үнемшіл бала»деген стикер немесе жұлдызша жапсырылады.	«Үнемді тұтыну» «Ысырап деген не?» Тәрбиеші екінші таңғы аста тамақты толық жеуге үйрету.Егер тамақты тауысып жемесе онда тамақ ысырып болғаны. Ал үнемі тамақты тауысып жесек,күш жинайды.	«Үнемді тұтыну» «Бір тамшы судың құны» тәрбиеші балаларға бұл шырынды дайындау үшін көптеген адаидар еңбек етіп жатқанын түсіндіру. Сондықтан сусынды төкпей соңына дейін ішуді үйрету.	«Үнемділік – байлықтың анасы. » Балаларға тағамның қайдан келетіні туралы қысқаша мульфильм немесе суреттер көрсету.Олар жемістің өсуі үшін көп уақыт пен еңбек керек екенін түсінгенде,оны үнемдеп жеуге өздері талпынады.	«Асты қадірлеу»қағидасы Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәде-ниетін қалыптастыру.Жеңдерін өз бетімен түру,жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ірі және ұсақ мотори-каны дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу ойын алаңын дұрыс пайдалану қауіпті заттарды ұстамау ауызға салмау ережелеріне үйрету.Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлыдамытушы білім беру ортасын құр				

Серуен	*«Қар жинаймыз»* Міндеті: Балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа баулу. Шарты:Балалар шашылған ақ қағаздар мен мақталарды «қар» деп елестетіп, шелектерге жинайды. Кім көп жинаса — сол жеңімпаз.	«Қояндар мен қасқыр» Міндеті: Жылдам әрекет етуге, қашып құтылуға үйрету. Шарты:Бір бала – «қасқыр», қалғандары – «қояндар». «Қасқыр келді!» дегенде қояндар орындарына тығылады.	«Кім тез тығылады?» Міндеті:Зейін мен шапшаңдықты дамыту. Шарты: Балалар аулада ойнап жүреді. Тәрбиеші «жасырын!» деген белгі берсе, әркім өз «үйшігіне» жүгіріп барып жасырынады	«Аю оянды» Міндеті: Қимыл белсенділігін арттыру. Шарты: Бір бала – «аю». Ол «ұйықтап» жатады. Тәрбиеші «аю оянды!» десе, балалар жан-жаққа қашады.	«Қар лақтырамыз» Міндеті: Дәлдік пен көз мөлшерін дамыту. Шарты: Балалар қағаздан жасалған қарларды шелектегі нысанаға лақтырады. Кім дәл тигізсе, сол жеңімпаз.
Серуеннен оралу	«Үнемді тұтыну» Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық: Сылдыр сылдыр сылдыр- су Беті қолды әркез жу, Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.(дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	«Үнемді тұтыну»Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мотористикалық дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моторикалық дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулық ты нығайту,бұлшық етті сер-	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету:Киімін ретімен	Біртіндеп ояту:Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығу: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту,

		гіту).Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау,сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту	өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).	кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту)).	бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету:
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағды, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілер еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалар дербес іс-әрекеті(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа,басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқа-лары)	Мүсіндеу- «аққала » құрастыру- «сырғанақ» Сурет салу – “Қар жауып тұр” (ақ және көк түстермен). Жапсыру – Мақта арқылы қар ұлпаларын бейнелеу	Сурет салу- «Қысқы бейне» Мүсіндеу – «Қар ханшайы-мы» бейнесі. Құрастыру – «Қар ұлпасы-ның сарайы» Жапсыру – «Қар ұлпалары-ның биі» (жырту әдісімен).	Сурет салу – «Қарлы орман» Мүсіндеу – «Аққала.» Құрастыру – «Шырша мен үйшіктер.» Жапсыру – «Ағаштағы қар»	Сурет салу – «Шанамен сырғанау» Мүсіндеу – «Балалар ойнап жүрген көрініс». Құрастыру – «Шаңғы немесе шана үлгісі.» Жапсыру – «Аяз ата»	Мүсіндеу – “Аққала мен достары” (ұжымдық жұмыс). Жапсыру – Шырша мен қар ұлпалары. Сурет салу – “Қысқы мереке”. Құрастыру – Қысқы ойын алаңының макеті.
Балалармен жеке жұмыс	Дәмі,сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратуға және атауға үйрету. Инабат	Өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтуға үйрету.Айқын	белгілі бір ретпен киінуге және шешінуге үйрету.Медет	Ересектердің сөзін тыңдауға және түсінуге дағдыландыру. Инаят	Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуге дағдыландыру. Хадиша
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» Міндеті:Балаларды шап-шаңдыққа,алғампаздық-қа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Күш сынасу » Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата	Ұлттық ойын: «Теңге алу» Міндеті: Балаларды шап-шандылықпен, шыдамды-лыққа тәрбиелеу.	Ұлттық ойын: «Бес тас» Міндеті:Балалардың адам-гершілік патриоттық сезім-	Ұлттық ойын: «Асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру,

		отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру		дерін оята отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.	асықты қалай ату жолын көрсету.
Серуеннен оралу	«Үнемді тұтыну» Су температурасын біртіндеп төмендете отырып,қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.Мәдени-гигие-налық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары	Қимылды ойын: . «Қар лақтырамыз». Ереже: қарды жоғары лақтырып, ұстап көру.	Қимылды ойын: «Қояндар секіреді» – қоян сияқты екі аяқпен секіру.	Қимылды ойын: «Аю мен балалар» – аюдан қашу ойыны.	Қимылды ойын: «Пингвиндер жүреді» – аяқтарды жақын қойып жүріп көру.	Қимылды ойын: «Тауға шығу» – кішкене төбешікке көтеріліп-түсу.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру. Алған әсерлерімен бөлісу. Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі,іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім,аяқ киім,қол өнер жұмыстары) дайындап беру.	Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру).	Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)

2-5 қыркүйек 2025

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: № 35 «Балбұлақ»

Топ: «Күншуақ» ортаңғы тобы Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 08 - 12 желтоқсан 2025 оқу жылы 2 апта
Тәрбиешілер:Тоқпанова З.А. Байсеркешова Г.А. Тексерген: Нургалиева Ж.С. 5.12.25ж
Желтоқсан: «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Апта дәйек сөзі: «Бірлік түбі -береке»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12.2025ж	Сейсенбі 09.12.2025 ж	Сәрсенбі 10.12.2025ж	Бейсенбі 11.12.2025ж	Жұма 12.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балалардың сыртқы келбетін,денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б.) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету(заттарын дұрыс орнына қою,тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру. Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу музыканы тыңдауға қызығушылық қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге құрметтеуге қызығушылығын арттыру. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру.Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау. Қауіпсіздік ережесі: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдерді көруге кеңес беру. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Балаларды жылы қарсы алу,ата-аналарымен амандасу.Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау(көңіл-күйі,тазалығы, дене температурасы,т.б. Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. «Күй күмбірі:Алатау» «Өнегелі 15 минут»

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкіл дерімен әңгіме лесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату. Ата-аналармен жұмыс-ты ұйымдастыру	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру.	Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас ортақ мүдделер өзара түсіністік атмосферасын құру. Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз аздап уақыт қалдырыңыз.	Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз бұл сенімділік береді.	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. Қауіпсіздік ережесі: Серуен кезіндегі өзін өзі ұстау ережелері, лифті, подьезд,баспалдақтан түсу қауіпсіздігі туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Жапырақ тамырдан нәр алады» Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата –ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру.	«Шаш өру» ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену.	«Біз суретшіміз» Кітап боямақтарын бояу, мозаикалармен және т.б. ойындар. Балалардың тату ойнауларын дамыту. Шығармашылық дағдылар	««Ұшқыр ой алаңы» «Ана тілің алпыс тілге татиды» Жұмбақтар жасыру. Мақсаты: Баланың ойлай білу,сөйлеу өнерін игеруге ұмтылу	«Смарт бала»Жобасы «Қазақстан қалалары»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар Құрастыру
Ертеңгілік жаттығу	«Шырша шамдары» Қолды жоғары созу. Қолды айналдыру. Жай жүгіру. «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою,тік тұру,тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	Денені бұру. Қолмен жел үрлеу қимылы. Қар сияқты айналу Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	«Қуыршақтар оянады» Қол-аяқты созу. Еңкею. Жұмсақ секіру. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.	«Қояндар секіреді» Қолды белге қою. Қоянша секіру. Жүгіру. Мемлекеттік Әнұран орындау.Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	«Шыршаға барамыз» Тізені көтеріп жүру. Қолды жоғары созу. Қол бұлғау. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мемлекеттік Әнұран орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы

Таңғы ас	«Үнемді тұтыну»- Берілген тағамды толық ысырапсыз жеуге мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз, күлмейміз, Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз! /Сөйлеуді дамыту/ Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері. Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру
Кестеге сәйкес ҰІӘ	1. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Ғажайыптар еліне саяхат» Балалар ғажайып елге сапар шегеді —“Қиял пойызына” міну ойыны арқылы өз қиялындағы елді сипаттайды. Жаңа сөздермен танысу: ғажайып,сиқыр,ел,арман, қиял. Өлең тыңдау: “Қиял қанатында” (мәнерлеп оқу). Коммуникативтік дағ-	1. Сөйлеудідамыту,көркем әдебиет «Сиқырлы түстердің биі» Түстер туралы қиял әңгіме: “Егер аспан күлгін болса ше?”. Өлең оқу: “Түстердің достығы”. Балалар әр түске мінез береді (қызыл – батыл, көк – сабырлы,жасыл – мейірімді). Түстер әлемі: Қызыл түс: Қызыл түсті алмадай,	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Ертегіге есік ашайық» Балалар сүйікті ертегілерін еске түсіріп, “Мен ертегідегі кейіпкер бол-сам…” деп қиял әңгіме құрастырады. М. Әлімбаевтың “Жақсылық жеңеді” өлеңін оқу. Әлемде бар жақсылық пен жамандық, Олар үнемі жарысады,таңда қып. Бірақ білсең, жақсылықтың күші зор,	1. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Жұлдызды ғаламшарда» “Менің ғаламшарымда не бар?” ақырыбында шығармашылық сипаттама. Ғарыш,жұлдыз, зымыран, аспан сөздерін үйрету. Өлең оқу: “Жұлдыздарға ұшу” Зымыранға мінемін, Биікке самғап сенемін. Жұлдыздардың арасын, Аралап қайтқым келеді. Айға барып қонамын, Ғарышкер мен боламын.	1.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Арман қанатындағы ғажайыптар» Балалар “Арман деген не?” сұрағына жауап береді. “Арман құсы” ойыны – әр бала өз арманына қанат бітіреді. Қысқа ертегі құрастыру: “Менің арманым орындалды!” Коммуникативтік дағдылар 2.Математика негіздері

	дылар	Алма пісті бақшада. Алаулаған қызғалдақ, Қызыл түс бар аспанда. Сары түс : Сары түсті күн нұры, Күлімдейді көгінен. Сары үрік пен балқаймақ, Сары түске бөленген. Жасыл түс: Жасыл түсті жайлауым, Жасыл шөптей жайқалар. Жасыл түсті жапырақ, Ағаштарда жай табар. Көк түс: Көк түс — ашық аспаным, Көк түс — терең теңіздер. Көк түс — әсем көлдерім, Көкке қарап тең іздер. Коммуникативтік дағды-лар. 2. Математика негіздері Түстер мен пішіндерді сәйкестендіру. Кемпірқосақ түстерін ретімен санау. «Сиқырлы пішіндерді тап» ойыны: Бұл ойын баланың бір мезетте әрі түсті, әрі пішінді тануына бағытталған. Ойын шарты:Сіз бағыт бересіз, бала сол пішінді тауып алуы керек. Тапсырмалар:«Маған қызыл түсті шаршыны көрсетші?» «Жасыл түсті үшбұрыш қайда жатыр?» «Көк түсті дөңгелекті	Жамандықты әркашанда қояр тік. 2. Математика негіздері Заттардың көлемін салыстыру (үлкен – кіші, ұзын – қысқа). «3 батыр», «7 күн», «9 ғажайып” ұғымдарын қолдану арқылы санау. «3 батыр» Алтыбақандай асқақтап, Үш батыр келеді алшаңдап. Елі мен жерін қорғауға, Намысын қорғап, жар салып. «Жеті күн» Дүйсенбіде істі бастаймыз, Сейсенбіде алға асамыз. Сәрсенбіде оқу оқып, Бейсенбіде білім тасамыз. Жұма — мейрам, дастархан, Сенбіде ойнап, шаттанған. Жексенбіде демалып, Дәптерге жаздым мақтанған. Жеті күнде — жеті сыр, Біліп жүрсең, бәрі бір! «Тоғыз ғажап»: 1.Күн — жарық, нұр төгеді, 2.Ай — түнде нұр береді. 3.Жұлдыз — аспан шамындай, 4.Тау — асқақ, биік шыңдай. 5.Өзен — сырласып ағады, 6.Орман — дем алып қалады. 7.Гүл — жердің сәнін келтірер,	Жарқыраған шоқжұлдыз, Досым болар, қарағым! Коммуникативтік дағдылар 2.Математика негіздері Пішіндерді сәйкестендіру: дөңгелек – планета, үшбұрыш – зымыран. Ғарыштағы пішіндер: Дөңгелек — Планета Көк аспанға қарасаң, Дөңгелектер толып тұр. Шолпан, Марс, Жер-анаң, Доптай болып тоқтап тұр. Бұрышы жоқ бұл пішін, Планетаның бейнесі. Дөңгеленіп күн үшін, Айналады айналасы. Үшбұрыш — Зымыран Зымыран ұшты аспанға, Үшбұрышты басы бар. Жұлдыздарға асқанда, Отты ізі шашырар. Үш қабырға, үш төбе, Ұқсап тұрған ұшқышқа. Көк аспанды бетке алып, Самғайды ол алысқа. 3.Қоршаған әлеммен таныстыру Ғарышкер мамандығымен танысу. “Біздің Жер – ғажайып үй” атты әңгіме, экологиялық сана қалыптастыру. Зымыранға мінемін, Аспанға мен жетемін. Жұлдыздармен сырласып, Биікке мен өтемін.	Пішіндерді сәйкестендіру: жұлдыз арман, жүрек мейірім. Жұлдыз: Көк аспанда жұлдыздар, Жарқырайды түнде алдан. Әр баланың көңілінде, Жанып тұрған бір арман. Арман: Арман биік -жұлдыздай, Жүрек жылы — мейірім. Бақыттымыз біз солай, Төгіп өмір пейілін Жүрек- мейірім: Кіп-кішкентай жүрегім, Мейірімге толы бұл. Жақсылықты тілеумен, Соғып тұрған солы бұл. Танымдық дағды 3.Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: “Жақсылық жасасаң, ғажайып қайтады” тақырыбында пікірталас. Балалар өздерінің мейірімді істерін айтып бөліседі.Әлеуметтік дағды. 4.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Жартылай отырып, қолмен тізені ұстау. Басты төмен иіп, оңға-

	2.Математика негіздері Түстерді ажырату және санау(қызыл,сары,жасыл, көк, ақ). “Ғажайып пішіндер” ойыны: әртүрлі пішіннен ерекше бейне жасау. Ғажайып пішіндер санамағы: Бір дегенім — Дөңгелек, Күн секілді дөңгелеп. Бұрышы жоқ, беті тегіс, Зырлай береді дөңгелеп. Екі дегенім — Үшбұрыш, Үш қабырға, үш бұрыш. Сәукеле мен шатырға, Ұқсап тұрған іс-тұрыс. Үш дегенім — Шаршы бұл, Төрт бұрышы тең тұр. Төрт қабырға — төрт дос, Бір-біріне егіз бе? Төрт дегенім — Тіктөртбұрыш, Бойы ұзын, ені қысқа. Кітап пенен есікті, Салыстырып бір нұсқа. Бес дегенім —Сопақша, Созылған бір дөңгелек. Жұмыртқа мен қауынды, Еске салар бұл кенет.	қолыңа ал». Танымдық дағды 3.Қоршаған әлеммен таныстыру Түстердің табиғаттағы маңызы:өсімдіктер,гүлдер, аспан,теңіз. . Өсімдіктер: Жасыл желек — орман да, Өсімдіктер жайқалар. Ауаны тазартып, Жерге сәулет жай табар. Тамыры терең, бойы биік, Тіршіліктің тірегі. Гүлдер: Көктем келе гүлдер ашып, Даламызды әрлейді. Қызыл,сары,күлгін болып, Көздің жауын алғандай. Гүлдер — жердің көркі ғой, Жадыратар көңілді. Аспан: Аспан -шексіз, мөлдір көк, Күн де сонда нұр шашар. Ақ бұлттарды жүздіріп, Құстар сонда қанат қағар. Биік шыңға жетелеген, Арман — аспан әлемі. Теңіз: Толқындары жағалауды ұрады, Теңіз — мұхит, тылсым сырлы тұрағы. Көк түспенен аспанға ұқсап жатады,	8.Құс — әнімен таңды ертірер. 9.Достық — бәрінен де бағалы, Тоғыз ғажап — өмірдің сабағы!Танымдық дағды 3.Қоршаған әлеммен таныстыру Жақсылық пен зұлымдық ұғымдарын талдау. Мақалдар: 1.«Жақсылық еккен жақсылық орады». 2.«Жақсы адам — күн сияқты, бәріне бірдей шуақ шашады». 3.«Көңіл кең болса, дүние кең». 4.«Жақсының сөзі — шам, ісі — нұр». «Мейірімді іс те ғажайып жасайды» тақырыбында пікір алмасу.Әлеуметтік дағды 4.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары көтеру, екі жаққа жазу. Алақандарды айналдырып, білезік пен саусақ бұлшықеттерін босату. Омыртқаға арналған жеңіл бұру және еңкею жаттығулары.	Тұрады екен Ай жарық, Жерді сүйем мен ғажап. Ғарышкер боп мен ертең, Ұшамын ғой мен мақтап! Әлеуметтік дағды 4..Қазақ тілі «Астана» Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «А»дыбысы бар сөздер-ді тыңдау және айту: Астана, алаң, автобус.Сөздік қор: Астана,үй,алаң,көпір, қала. Грамматикалық құрылым: Бұйрық рай: көрсет, айт, кел. Көпше түр: қалалар, алаңдар. Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сөйлемдер: «Астана — әдемі қала», «Көпір биік». Ойын:«Астанаға саяхат» Суреттер арқылы балалар автобуспен «Астанаға барады».Педагог:«Алаңды көрсет»,«Қаланы тап» деп нұсқау береді. 5.Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:Шалқасынан жатып аяқтарды кезекпен көтеріп-түсіру. Аяқ бұлшықеттерін созып-жұмылдыру, белді босату.	солға сермеу. Арқа мен белге арналған созылу және бұрылу жаттығулары. Негізгі қимыл 1,5 м биіктіктегі саты бойымен өрмелеу және түсу. Екі қолмен нық ұстап, қадамдарды ретпен орындауға үйрету. Тепе-теңдік пен батылдықты дамыту. Қимылды ойын: «Жел мен бұлт» — балалар «жел» дегенде айналады, «бұлт» дегенде еңкейіп отырады немесе қолды еркін сермейді. Ойын қозғалыс үйлесімділігін, қиялды және ырғақты сезінуді дамытады.Спорттық жаттығу Шананы жеңіл итеріп сырғанату. Бір-біріне көмектесу, шананы дұрыс бағыттау. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Салауатты өмір салты «Ауырмау үшін не істеу керек?» тақырыбында қысқаша түсіндіру:

